

ОӘЖ 347.2

Исмагулов Аскербек Еркинович

аға оқытушы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.
e-mail: askerbek_ismagulov@inbox.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ МӘСЕЛелЕРІ

Мақалада Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерліктің дамуы мен кәсіпкерлік құқықтың құқық салалары жүйесінде алатын орны, кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеудегі заңнама мен теориялық негіздердің кешендік және жүйелі талдау жүзеге асырылып, кәсіпкерлік қызметтің негізгі құқықтық нысаны азаматтық-құқықтық шарттардың мәні мен түсінігі қарастырылған. Сонымен қатар, шарттарды жасасу, өзгерту және бұзу тәртібі, шарттық міндеттеме бойынша жауапкершілік мәселелері қамтылған.

Түйін сөздер: кәсіпкерлік құқық, шарт, меншік, экономика, іскерлік, коммерция, экономикалық қызмет.

В статье представлен комплексный и системный анализ законодательства и теоретических основ правового регулирования предпринимательской деятельности в сфере развития предпринимательства в Республике Казахстан, правовые основы бизнеса и предпринимательства, сущность и понятие гражданско-правовых договоров. Кроме того, порядок заключения, изменения и расторжения договоров, ответственность по договорным обязательствам.

Ключевые слова: предпринимательское право, договор, собственность, экономика, бизнес, коммерция, экономическая деятельность.

The article presents a comprehensive and systematic analysis of legislation and the theoretical foundations of the legal regulation of entrepreneurial activity in the field of entrepreneurship development in the Republic of Kazakhstan, the legal foundations of business and entrepreneurship, the essence and concept of civil law contracts. In addition, the procedure for the conclusion, amendment and termination of contracts, liability for contractual obligations.

Keywords: business law, contract, property, economy, business, commerce, economic activity.

Кәсіпкерлік қатынастар қоғамдық қатынастардың бір түрі болып табылады. Кез келген қоғамдық қатынастардың мазмұнын субъектілердің қызметі құрайды. Сондықтан, кәсіпкерлік қатынастардың мәнін ашпастан бұрын, кәсіпкерлік қызмет түсінігін анықтап алу қажет. Кәсіпкерліктің заңды анықтамасы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 10-бабының 1 -тармағында келтірілген. Оған сәйкес, «кәсіпкерлік меншік түрлеріне қарамастан, азаматтар мен заңды тұлғалардың, тауарларға (жұмысқа, қызметке) сұранымды қанағаттандыру арқылы таза табыс табуға бағытталған, жеке меншікке (жеке кәсіпкерлік) не мемлекеттік кәсіпорынды шаруашылық басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлік) негізделген ынталы қызметі. Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкердің атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады».

Кәсіпкерлік қызметтің бұл анықтамасы осы қызмет экономикалық қызметтің бір түрі болып табылады, себебі кәсіпкерлік экономика саласында мүлікті пайдалану арқылы жүзеге асырылады, осыған байланысты алынған табыс есебінен жабылатын шығындар орын алады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Заңнамада қолданылатын «Кәсіпкерлік қызмет»

түсінігі экономикалық қатынастардың кез келген саласын құқықтық реттейтін заңи-техникалық құрал ретінде қызмет етеді.

Қазақстан Республикасының заңнамасында, сот тәжірбиесінде, заң әдебиеттерінде, іс-қағаздарда «кәсіпкерлік қызмет» түсінігімен қатар «экономикалық қызмет» түсінігі қолданыста, осыған орай «кәсіпкерлік», «шаруашылық» және «экономикалық» қызмет түсініктері арақатынасын анықтап алу қажет.

Экономикалық қызмет субъектілеріне азаматтық құқық қабілеттілігі және әрекет қабілеттілігі бар -жеке тұлға, заңды тұлға және мемлекет жатады.

Экономиканың тұрақтылығын көрсететін өндірістік күштер мен меншікке қарағанда, экономикалық қызметтің ерекшелігі оның экономика қарқының көрсететіндігінде.

Экономикалық қызмет, экономика саласында кез келген құқық қабілеттігі бар тұлға өзіне тиесілі мүлкін пайдану арқылы немесе өзге әрекеттерді осы мүлкінің жағдайын өзгерту және осымен байланысты шығындардың орнын алынған табыс есебінен толтыру мақсатында жүзеге асыратын жалпыға пайдалы қызмет түрлерінің бірі. Бірақ, жалпы және жеке құқықпен реттелетін экономикалық қызметтің кең саласында нарықтық экономика жағдайында

бір біріне тәуелсіз және бір біріне бағынбайтын субъектілердің арасында, солардың бастауымен, еркімен, мүдделерінде пайда болатын экономикалық (мүліктік) қатынастар маңызды орынға ие болады. Бұл қатынастардың жиынтығы азаматтық-құқықтық қызметті құрайды. Осыған сәйкес, М.К.Сулейменов анықтап кеткендей: «кәсіпкерлік құқықты екі жақты қабылдау керек. Тар мағынада кәсіпкерлік құқық, әрине, азаматтық құқықтың бір белігі болып табылады. Кәсіпкерлік қызмет азаматтық-құқықтық қызметтің бір түрі. Сонымен қатар, кәсіпкерлік құқықты кең мағынада құқықтың әртүрлі салаларының нормаларын (азаматтық, әкімшілік, қаржылық, кедендік, еңбек және т.б.) біріктіретін кешендік құрылым деп түсінуге болады» [1].

Кәсіпкерлік қызмет белгілі бір экономикалық нәтижелерге жетуге бағытталған, бұл жағдай оның экономикалық қызметтің бір түрі екендігін көрсетеді. Экономикалық қызмет - мағынасы бойынша кәсіпкерлік қызметке қарағанда кең ұғым. Экономикалық қызметтің өзге түрлерінен кәсіпкерлік өзінің мәні бойынша - тауарға, жұмыстарға, қызметке сұранысты қанағаттандыру арқылы таза табыс алуға бағытталғандығымен ерекшеленеді. Кәсіпкерліктен басқа қоғамда экономикалық қызметтің басқа түрлері де бар. Оларға жалданбалы еңбек қызметті, мемлекеттің бюджеттік қызметті, шаруашалақ қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған қызметті (азаматтар мен ұйымдарға тиесілі әртүрлі объектілерді эксплуатациялау және жөндеу, материалды-техникалық қамсыздандыру және т.б.) жатқызады. Экономикалық қызметтің аталған түрлерін «шаруашылық қызмет» деп атайды. Процесс ретінде қалыптасатын әрекеттер сипаты бойынша кәсіпкерлік және шаруашылық қызмет арасында көптеген ұқсастық болғанына қарамастан оны кәсіпкерлік қызмет деп санауға болмайды, себебі ол кәсіпкерлікке тиесілі маңызды - табыс алуға бағыттылық белгісіне ие емес. Сондықтан шаруашылық қызметпен тек кәсіпкерлер ғана емес, сонымен қатар, азаматтар да айналыса алады.

Заң әдебиеттерінде шаруашылық қызмет түсінігіне өзге де көзқарастар бар. Мысалы, кей жағдайларда шаруашылық қызмет деп жалпыға ортақ нәтижелерде немесе қызметтерде заттық нысанға ие болмайтын рухани немесе материалдық сұраныстарды қанағаттандыру, қанағаттандырмауына қарамастан, егер оның

нәтижесі тауар түрінде немесе ақшаға жасалса, кез келген қызмет танылады.

Өзге авторлар шаруашылық қызметтің алуан түрлілігін екі нысанға - өндіріске және өткізуге келтіруге болады деп санайды.

«Шаруашылық қызмет» түсінігі экономикалық қызметке қатысушылардың әртүрлі шаруашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған экономикалық қызметтің ерекше түрін сипаттау үшін қолданылады. Кәсіпкерлік және шаруашылық қызметтер экономикалық қызметтің түрлері болып табылады. Бұл екеуінің қызметтерін жүзеге асыру бойынша өте кеп ұқсастықтары болғанымен, мақсаттары бойынша ерекшеленеді. Кәсіпкерліктің негізгі мақсаты пайда алу болса, шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында оның қатысушыларының мұндай мақсаты болмауы мүмкін. Шаруашылық қызметтің мақсаты болып азаматтық айналымның субъектілеріне қызмет көрсету болып табылады.

«Кәсіпкерлік қызмет» түсінігі бір жағынан жинақтаушы түсінік ретінде, себебі ол мақсаты пайда алу болып табылатын экономикалық қызметтің барлық түрін қамтиды, екінші жағынан экономикалық қызметтің әр алуан түрлері белгіленетін экономикалық-құқықтық түсініктердің үлкен тобын (банктік, Сақтандыру, инвестициялық, сауда-саттық және қызметтердің өзге түрлері) анықтау үшін негізгі ұғым ретінде сипатталады. «Экономикалық қызмет» түсінігінен туындайтын ұғымдарда қызмет пәні айқындалады, ал қызмет пәнінде экономикалық қызмет түрі ретіндегі кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын тұлғалардың экономикалық қатынастар құрылымында алатын орны анықталады» [2].

Ресей кәсіпкерлік құқығы кәсіпкерлік қызметті төрт категорияға бөледі: 1) өндіріс; 2) коммерциялық кәсіпкерлік; 3) қаржылық кәсіпкерлік; 4) консультациялық кәсіпкерлік.

Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкерлік қатынастың мазмұны болғандықтан, бұл қатынастарды кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру барысында пайда болатын экономикалық қатынастарға жатқызуға болады.

Кәсіпкерлікпен қызметтің екі тобы тығыз байланысты: шаруашылықты коммерциялық емес негізде жүргізу және шаруашылық-ұйымдастырушылық немесе мемлекеттің, не оның аймақтарының биліктік реттеу қызметі. Коммерциялық емес құрылымдардың қызметі (мысалы, тауарлық немесе қор биржаларының) бұл түрде кәсіпкерлерге қызмет көрсетудің

нәтижелілігін арттыру мақсатында жүзеге асырылады. Мұндай қызметтің коммерциялық емес бағыттылығы шартты түрде болады. Егер биржа алынған табысты өз акционерлері арасында үлестірмесе, биржаның құрылғыларын, биржа клиенттеріне қызмет көрсетуді жақсартуға табыстарды бағыттау биржада сатылатын акциялырдың бағасының қымбаттауына әкеледі. Басқа жағдайларда Коммерциялық емес құрылымдардың шаруашылық қызметі коммерциялық емес қажеттіліктер саласында жүргізіледі.

Сонымен қатар, заңнама коммерциялық емес ұйымдарға кәсіпкерлік қызметтің кейбір түрлерімен айналысуға рұқсат береді. Бұл туралы ҚР 2001 жылдың 16 қаңтарындағы «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңының 33 бабында айтылған. Бірақ бұл жағдайларда кәсіпкерлік қызмет нәтижесінде алынған табыс коммерциялық емес ұйым қатысушыларының арасында бөлінбей жарғылық мақсаттарға бағытталады. Жалпы әдеттегі заң терминологиясында «кәсіпкерлік» және «коммерциялық» сөздері синоним ретінде қабылданады. Мұндай саралау ҚР АҚ 10 және 34 бабын жүйелік талқылуға сүйенеді.

Кәсіпкерлік қызметтің мәні және оның қоғамдық қатынастар жүйесіндегі орнын анықтап алғаннан кейін осы кәсіпкерлік қатынастарды сипаттайтын белгілерді қарастыру маңызды. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет арнайы құқықтық реттеуге жатады. ҚР АҚ-де кәсіпкерлік қызметпен байланысты қатынастарды реттейтін нормалар бар.

Бұл нормалар, біріншіден, кәсіпкерлік мәмілелер жасаудың нысанына қатысты. ҚР АҚ-ң 152-бабының 1-тармағына сәйкес, кәсіпкерлік қызмет процесі барысында жасалынатын мәмілелер жазбаша нысанда болуы тиіс, екіншіден, ҚР АҚ-ң 279-бабының 2-тармағына сәйкес, кәсіпкерлік қызметпен байланысты міндеттемені аддын ала орындау, егер мұндай мүмкіндік заңнамада немесе міндеттеме шартымен тура көрсетілмесе, немесе іскерлік айналымы дәстүрінен және міндеттеме мәнінен туындамаса мүмкін емес, үшіншіден, кәсіпкерлер үшін ҚР АҚ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру көзінде міндеттемені орындамаған үшін қатаң жауапкершілік орнатады. Кәсіпкердің кінәсі болмаған жағдайда да жауапкершілікке не болады. Кәсіпкерді жауапкершіліктен босатудың негізі болып тек тойтарылмайтын күшті анықтайды. (ҚР АҚ 359-6, 2-тармағы), ҚР АҚ-ң

360-бабында жауапкершілік негізі ретінде кәсіпкерлік тәуекел туралы айтылған, бұл міндеттемені бұзғаны үшін жауапкершілік негіздері бойынша кәсіпкер мен азаматтың арасындағы айырмашылықты көрсетеді. Осылайша, кәсіпкерлік қызметтен туындайтын қатынастарды құқықтық реттеу кәдімгі азаматтық қатынастарды реттеу тәртібінен ерекшеленеді.

ҚР АҚ-ң 10-бабында белгіленген заңды анықтамасынан шығатын кәсіпкерлік қызметтің негізгі белгілеріне: 1) дербестік; 2) инициативтілік;

3) өзінің тәуекелімен жүзеге асыру; 4) табыс алуға деген бағыттылық жатады.

Қазақстанда кәсіпкерлік қызметтің заңды анықтамасы өзіндік тарихқа ие. Алғашқы рет кәсіпкерлік қызмет ҚазССР-ң «Қазақ ССР-да кәсіпкерліктің дамуы және шаруашылық қызметтің еркіндігі туралы» 1990 жылдың 11 желтоқсанындағы заңында анықталған. Аталған қызмет қолданыстағы заңнамада көрсетілгендей инициативті деп анықталды. Бұл қызметтің субъектілері деп азаматтар және заңды тұлғалар танылды [3].

«Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы» ҚР 1992 жылғы 4-маусымындағы заңында азаматтар мен олардың ұжымының табыс алуға бағытталған инициативті қызметі деп анықталған «жеке кәсіпкерлік» түсінігі пайда болды. Осылай заңнамада заңды тұлғалардың кәсіпкерлікпен айналысу мүмкіндігі бекітілмеді. Кейінірек, 1994 жылы қабылданған ҚР АҚ-ң жалпы белімінде 10-бабында «кәсіпкерлік» түсінігі пайда болды. Ол бойынша, «кәсіпкерлік меншік түрлеріне қарамастан, азаматтар мен заңды тұлғалардың, тауарларға (жұмысқа, қызметке) сұранымды қанағаттандыру арқылы таза табыс табуға бағытталған. Жеке меншікке (жеке кәсіпкерлік) не мемлекеттік кәсіпорынды шаруашылық басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлік) негізделген ынталы қызметі. Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкердің атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады» [4].

Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерліктің заңды анықтамасында қоғамдық қажеттілікті қанағаттандыру туралы сілтеме жоқ. Бұл, біздің ойымызша, кәсіпкерлік қызмет түсінігінің әлеуметтік маңызын азайтады. Тұтынушылық қасиеттер бұл кәсіпкерлік қызмет нәтижесінің ажырамас сипаты. Мұндай нәтижелер азаматтық құқықтардың объектісі болып табылатын материалдық және материалдық емес

құндылықтар ретінде қарініс табады. Қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталмаған қызмет кәсіпкерлік деп саналмауы тиіс және оған тиым салынуы қажет. Қандай да бір экономикалық қызметті жүзеге асыру да табыс алу механизмі әр алуан болуы мүмкін. Бірақ, барлық жағдайларда мүлікті пайдалану, жұмысты орындау, қызмет көрсету бойынша қызметтің нәтижесі тұтынушылық және айырбас құны жинақталған тауарға айналады. Міне осындай қызмет кәсіпкерлік деп аталады. «Кәсіпкерлік қызметтің экономикалық мәні оның нәтижесі – заттай немесе заттай емес нысанындағы өнім – бір бөлігі қосылған құн болып табылатын тұтынушылық қана емес, сонымен қатар айырбас құнға ие тауардың

экономикалық нысанына ие болатындығында»[5].

Кәсіпкерлік қатынастардың түсінігі мен ерекшелігін қарастырудың қорытындысын жасай отырып, келесілерді атап өтуге болады: 1) кәсіпкерлік қызмет экономикалық қызметтің бір түрі болып табылады; 2) кәсіпкерлік қызмет қазақстандық заңнамада бастамашылдық, дербестік, қызметтің тәуекелділік сипаты, және таза табыс алуға деген бағыттылық белгілерімен сипатталады; 3) кәсіпкерлік қызметтің оны басқа экономикалық қызмет түрлерінен ажыратуға мүмкіндік беретін негізгі белгісі оның таза табыс алуға деген бағыттылығы; 4) кәсіпкерлік қызметтің заңды анықтамасы белгілі біртүзетулерді қажетсінеді, жекедепайтқанда, табыс алудың жүйелілігіне сілтеме жасау керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы //Болашақтың іргетасын бірге қалаймыз// 28.01.2011 ж. <http://www.akorda.kz>.
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы және Ерекше бөлім)- Алматы: ЮРИСТ, 2012. – 308 с.
3. Сулейменов М.К., Покровский Б.В., Худяков А.И., Жақенов В.А. Право и предпринимательство в Республике Казахстан. – Алматы, 2009. – 250 с.
4. Басин Ю.Г. Статьи в Сб. Гражданское законодательство Республики Казахстан; статьи, комментарии, практика. Вып.1-17. -Алматы., 1996-2003.
5. Гражданский кодекс РК (Общая часть). Комментарий. В 2-х книгах. /Под ред. М.К.Сулейменова, Ю.Г.Басина. –Алматы, 2005. – 550 с.

Исмагулов Аскербек Еркинович

Лауазымы: азаматтық құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті Семей қ.

Пошталық мекен-жайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Қ. Мұхамедханов көш. 33-39

Ұялы тел: +7 707 705 07 90

Қазақстан Республикасында кәсіпкерліктің дамуы және кәсіпкерлік құқығының қалыптасу мәселелері

Исмагулов Аскербек Еркинович

Должность: старший преподаватель кафедры гражданско-правовых дисциплин, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г.Семей

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. К.Мухамедханова 33-39

сот. тел: +7 707 705 07 90

Проблемы становления предпринимательского права и развитие предпринимательства в Республике Казахстан

Ismagulov Askerbek Erkinovich

Position: senior lecturer of the Department of Civil Law Disciplines of the Kazakh Humanitarian Juridical Innovation University, Semey city

Mailing address: 071400, Republic of Kazakhstan, Semey, K.Mukhamethanov st. 33-39

Mob.phone: +7 707 705 07 90

Problems of the formation of business law and development of entrepreneurship in the Republic of Kazakhstan